

Тасқала ауданының кейбір елді мекендерінің бағыныстылығын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 1 шілдедегі N 28-11 шешімі және Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 192 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 2 тамызда N 2972 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес және Тасқала ауданының мәслихаты мен әкімдігінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 21-4 бірлескен шешімдері негізінде, Тасқала ауданының кейбір елді мекендерінің бағыныстылығын өзгертуге байланысты, облыстық мәслихат пен әкімдігі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тасқала ауданындағы кейбір елді мекендердің әкімшілік бағыныстылығы **ө з г е р т і л с і н :**

1) Ермольчев елді мекені Амангелді селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығынан Шежін селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығына берілсін;

2) Жемшін елді мекені қосшы селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығынан Мерей селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығына берілсін;

3) Черная-Падина елді мекені Мерей селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығынан Ақтау селолық округінің әкімшілік және аумақтық бағыныстылығына берілсін.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат хатшысы